

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Авторлық кино көрерменнен озық жүреді

Жуырда «режиссер Данияр Саламат Бейімбеттің шығармасы желісімен кино түсіріпті» дегенді естіп, елең еттік. Шынын айту керек, көпшілікке тәуір көрінген біркатар авторлық фильм режиссерінің тарихи тақырыпқа барып, әдеби туындыны экрандап жатқанына ішіміз жылып қалды. Енді бір жағынан, бүгінгідей тарихи тұлғалар өміріне арналған телесериалдардың күрт көбейген тұсында кезекті кинокартина қалай шығар екен деп тосылып та отырмыз. Осы орайда Данияр Саламатпен жалпы кино туралы әңгіме өрбіткен едік.



– Әңгімеміздің әлқиссасын жақсы жаңалықтан бастасақ болатын шығар. Он жыл бойы толғатып, үлкен дайындықпен келген Бейімбеттің шығармасын түсіріп болдыңыз. Құттықтаймыз. Бұл жазушының қай әңгімесі?

– Шынымен де, бұл сценарий он жыл бойы тартпада жатып қалды. Негізі бәрі мені әу бастан камералық қалыптағы авторлық туындылар түсіріп жүрген режиссер ретінде таныды. Сол себепті тарихи туындыларға, кең полотноларға бара қоймайды деген түсінік болды. Бірақ көптен бері тарихи фильм жасасам деген бір арман ішімде бүлкілдеп жүрді. Әсіресе Бейімбеттің шығармасы арқылы жиырмамыншы-отызыншы жылдар – өліара кезеңдегі қазақтың мінезін, табиғатын, тұрмысын көрсеткім келді. Қазіргі түсіріліп жатқан тарихи картиналардың біразына көңілім толмайды. Біз көбінесе

байырғы қазақты экран арқылы бейнелегенде, алқакотан отырғызып, домбыра тартқызып, қымыз ішкізін, атқа қондыра саламыз да, сонымен шектелеміз. Жан дүниесіне, болмысына, тұрмысына үңіле бермейміз. Ал ұлттың іші де, сырт сипаты да тең болсын, шынайы болсын десек, әдебиетке жүгінген абзал. Би-ағаң – қазақ классиктерінің ішіндегі киноға ең жақын жазушы. Өткен дәуірді, сол жиырмасыншы жылдардағы адамдарды танысақ, осы Бейімбет арқылы танимыз. Егер оны экранға жаңғыртып шығаратын болсақ, міндетті түрде Би-ағаңа соқпай өтпейміз. Жазушыны киноға өте жақын адам деп айтатыным, онда типтік образдар көп. Мәселен, орыс әдебиетінде Чеховты сан түрлі типтің галереясын жасаған автор ретінде бағалайтын болса, бізде дәл сондай бағаға Би-ағаңның өлмейтін бейнелері лайық. Тіпті олардың прототиптері қазір де бар. Одан бөлек жазушы кішкентай адамдардың өмірін көрсетеді. Зерттейді, зерделейді. Мен де кішкентай адамдардың жанының ұңғыл-шұңғылын зерттеуге ықыластымын. Бейімбеттің киноға лайық тамаша шығармасы – «Күлпаш». Осы әңгімеі экрандауым керек еді. Алайда 2007 жылы «Алтын аюды» жеңіп алған қытайлық Ван Цюаньань деген режиссердің «Туидің тойы» деген фильмінен Би-ағаңның шығармасының ізін көрдім. Онда да мертліккен күйеуін асырау үшін әйел басқа күйеу іздейді. Яғни ұясын сақтау үшін өзін құрбандыққа шалады – сюжеті өте ұқсас. Егер «Күлпашты» түсірсем, осы фильмді қайталағандай болатын едім. Бір жағынан қатты қуандым – әлемдік деңгейдегі беделді сыйлықты алып жатқан туындының тақырыбын Би-ағаң баяғыда-ақ жазып тастаған.

Бейімбеттің шығармалары әлі күнге дейін толықметрлі фильм түсірілмепті. Көрші қырғыздар Шыңғыс Айтматовтың барлық туындысын киноға айналдырды. Бір ғана «Ақ кемесі» өзбек елінде бір, өз елінде екі қайтара түсірілді. Біздің басты қасіретіміз өзіміздің классиктерді бағаламау, өзімізге мән бермеу болып тұр. Соның ішінен сүзіп, жауһарды іздеп табу кемшін. Өйткені қазір режиссерлердің көбі Батысқа, орыс әдебиетіне қарайды, өзінің туған табиғатына, туған әдебиетіне үңіле бермейді. Сонымен, Бейімбеттің басқа шығармаларын үнгіп қазып, ақтарып отырып, «Әже» және «Талақ» деген екі әңгімесіне ерекше қызықтым. Осы екі туындының басын қосып, сценарий жаздым. Қазір фильмді түсіріп болдық. Тек құрастыру, монтаж жұмыстары қалды. Қаржысы түссе, көктемде фильмді толық аяқтаймыз.

– Әрине, авторға өз туындысына әділін айтып, баға беру қиын. Дегенмен ішкі таразы, ішкі сын не дейді? Фильм қалай шығыпты? Өзіңіз күткен нәтиже бар ма? Жалпы, түсірілім жұмысы қашан басталды, қайда өтті, кімдер ойнайды, сол туралы айтайықшы.

– Кино деген бір қиын дүние ғой. Оны түсіргенге дейінгі сенің жинағаның іске асады да, түсіріп болғаннан кейінгі ойларың қажет болмай қалады. Таспаға түскеннен кейін оны өзгерту өте қиын. Адам өмір бойы даму үстінде жүреді, белгілі бір деңгейге жеткен кезде кері кетесің. Бұл киноны түсіріп бітсем де әлі күнге дейін қол жуып тұрсам да, ұйықтап бара жатып, шай ішіп отырып та ойлап отырамын – ана жерін былай жасауым керек еді, мына эпизодты басқаша істесем, образы ашылар ма еді... Бірақ таспаны түзету мүмкін емес. Бір жағынан, киноның осы жағдайы ұнайды. Бар кезінде, толып тұрған кезінде ақтарып тастап, одан кейін оған қайтып оралмау. Ал егер кино туралы ойлай беретін болсаң, ой деген өмір бойы дамып отырады, шегіне жете алмайсың. Енді бар кезінде ақтардық, көрерменнің бағасын күтеміз.

Түсірілім жұмысы қараша-желтоқсан айларында Жаркент өңіріндегі Әулиеағаш деген жерде өтті. Арнайы декорация, шағын ауыл жасалды. Актерлік құрамда, негізінен, типтік ерекшеліктерінде, түстерінде архаикалық тек, бұрынғы заманның түрін беретін ерекше бейнелер, ерекше образдар таңдалды. Басты рөлдерді Ерболат Әлқожа, Әмира Омар орындады. Құрымбайдың образын Айбек Иманқұлов ойнады. Негізі, Бейімбеттің мен таңдаған шығармаларында Құрымбай деген кейіпкер жоқ. «Құрымбайдың жігітшілігі» деген әңгімедегі Құрымбайдың образын алдым, өйткені сол кездегі ұрдажықтық, асырасілтеушілік, ештеңенің байыбына бармауды көрсету керек болды. Ауылнайдың рөлін Бейнұр Баймұхамбет алып шықты.

– **Жаңа бұл сценарийді біраз жыл бұрын тартпаға салдым деп қалдыңыз. Одан бері конкурстарға қатыстыңыз ғой. Неге өтпеді?**

– Тартпада сүрленін жатып қалған тек бұл емес. Тіпті «Талақтан» бұрын жазылған «Аштық» деген сценарийім бар. Осыдан он бес жылдай уақыт бұрын бұл тақырыпқа үрке қарайтын. Сол себептен ол да тартпаға түсті. Одан кейін жазғаным осы «Талақ». Бұның да тағдыры қиын екен, «Талақ» деген атының өзі біраз адамды шошытты. Мәселен, Ұлттық киноны қолдау орталығының кейінгі өткен сарапшылық кеңесінде де «фильмнің атауы ауыр соғып жатса, өзгертеді» деп арнайы хаттама жасады. Байыбына бармайтын адамдар үшін бұл сөз оғаштау естілетін болса керек. Дегенмен кино саласындағы бұдан он жыл бұрынғы жүйемен салыстырғанда қазір бір жылымық бар. Мәселен, бұрын мемлекеттің қаржысы бірден «Қазақфильмге» берілетін болса, қазір ақшаны бөлетін жалғыз оператор Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы болды. Былтыр сондағы сарапшылық кеңес кіл жастардан, кәсіби мамандардан құрылып, «Талақтың» жолы болды деп ойлаймын. Дегенмен киноөндірістегі қазіргі жүйе әлі де шикі екенін байқатады. Мәселен, киноорталық негізінен шығармашылықтан гөрі, қаржылық жағдайларға көп мән береді. «Талақты» түсіру барысында біз

осы қиындықпен бетпе-бет келдік. Орталықтың сенің кино түсіріп жатқаныңмен ешқандай шаруасы болмайды, оларға тек қаржылық есепті уақытында өткізу керек. Ол да ештеңе емес-ау, сол есебінді сан өзгертін, қабылдамайды ғой! Сонда киноны қалай түсіремін деп емес, әр кезең сайын жасалатын қаржылық есепті қалай өткіземін деп бас қатырасың. Тіпті мен бұны түсірілім кезінде басшылығына барып та айттым. Олар қаржылық есепке ғана жауап беретінін, ал киноны сарапшылық кеңес қарайтынын алға тартты. Шынында, сарапшылық кеңес арбаның бесінші дөңгелегі сияқты беделге ие, онымен кейде санасады, кейде санаспайды. Сарапшылық кеңес картина дайын болғанға дейін сценарий күйінде қарайды және түсіріліп болған соң ғана көрін, араласа алады. Ал фильмді жасау үдерісіне қатыспайды.

– Режиссерлерге сарапшылық кеңестің қадағалап отырғаны керек пе өзі?

– Әрине, сырт көздің болғаны жақсы. Ол кеңесте киноға жаны ашитын адамдар болады. Олар өндірістегі көптеген сырт жұмыстан азат етуге тырысады. Мысалы, мен түсірген фильмімнің шикі материалын апарып, басшылардың біріне көрдіңіз бе десем, «оны сарапшылық кеңес қарайды» деп қолын бір сілтейді. Сосын көретін адам іздеп, бізге тікелей жауап беретін қыздан сұраймын. Енді бір пікірлес адам іздейсің ғой. Ол да: «Ну, так посмотрела. Но это не мой фильм», дей салады. Сонда әлгіндей көркем дүние жасалатын жерде көркемдікке қуана алатын, көркемдікті бөлісе алатын, сол туралы ойын айтып, сөйлесетін адамды таба алмайсың. Режиссерге жанашырлық танытып, есеп беру, оны жансебілге түсіп өткізу сынды бір оңбаған жұмыстардан арашалайтын жан қайда дейсің. Тек есеп, есеп. Шыны керек, «Талақ» шығармашылық тобының жанкештілігінің арқасында ғана ғана түсірілді, болмаса орталықтың есеп-талабының астында көміліп қалар ма едік...

– Енді сол есептің бәрін беріп, «аман» шығыпсыз. Жалпы, қанша қаржы бөлінді?

– Иә, бірақ басқа да мәселелер бар. Бізге 340 млн теңге бөлінді. Бұл тарихи фильм үшін аз. Түсірілім кезінде оның 30 миллионын қиып тастады. Өйткені күнтізбелік жоспардан қарды күткенімізге байланысты ауытқып кетіппіз. Сол үшін айыппұл да салды, ақшамызды да қиды. Ал оларға қысты көрсету үшін қарды күттік деп түсіндіре алмайсың. Жалпы, бұл киноорталық «Кино туралы» заңның аясында жасалды ғой. Ол заң шыққанда қуанып едік, қазір көптеген кемшілігі білініп жатыр. Бұрын «Қазақфильмде» ұлттық ренк бар еді. Мен өзім сонда көркемдік кеңесте жұмыс істедім. Онда көбінесе ұлттық, дәстүр жағынан, редакторлық жағынан сауаттылыққа мән беретін. Ал мына

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы тек қана өндіріске мән беретіндіктен, оның редакторлық, көркемдік, ұлттық бояуы солғын ба, қанық па, шынымен де ұлттық дүниеге жата ма, оған бас қатырмайды. Мәселен, сол жерде алдыңғы жылы сарапшылық кеңестің мүшесі болдым. Сонда қаншама фильм келін жатыр, кателерден көз сүрінеді: қазақ сөздерін дұрыс айтпайды, дәстүрге қайшы элементтер жүреді, жай ғана титрдің өзі бір қазақша, бір орысша. Көптеген фильмнің сценарийі орысша жазылады да, кейін диалогтерін қазақша аударып салады. Өттері жарылып кетсе де айтайын, ол – көзбояушылық. Оған ешкім жауап бермейді. Яғни бұл Ұлттық киноны қолдау орталығы болғанымен, киноның ұлтқа қызмет етуіне аса мән бермейді. Орталық тек бөлінген қаржыны игерумен айналысады. Бүгінде киноның мүшкіл халге түсуінің бір себебі осы. Киноға ұлттық дүние деп, көркем дүние деп қарамайынша, оны жасайтын адамға суреткер-тұлға деп қарамайынша, бұл ахуал түзелмейді. Ол орталықта көбінесе орыстілді мамандар жұмыс істеген соң да, ұлттық дүниенің байыбына бара бермейді.

– Сонда Ұлттық киноны қолдау орталығының құрылуының бір пайдасы қаржы бөлін отырғаны ғана ма?

– Оның бір пайдасы, қазір кез келген жеке продакшндер өзінің шығармасын ұсына алады. Ал бұрын мемлекеттік бюджеттің қаржысы «Қазақфильмге» түскен соң, олар кімге беремін десе де өздері білетін, яғни оған жеке студиялар қатыса алмайтын. Мұнда бәрі өз жұмысын ұсына алатындықтан, бәсеке жоғары. Бірақ сол көптің арасынан асылды тауып, өткізу жағы қиын болып тұр.

– Кейінгі жылдары тарихи тұлғалар өміріне арналған телесериалдар көп түсірілді: «Жәңгір хан. Сарай сыры», «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Домалақ ана», «Тәшенов. Тайталас», «Қаныш. Қазына», «Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін», «Міржақып. Оян, қазақ!» Яғни тарихи киноларды телеарналар түсіретін үрдіс белең алды. Зерттеп қарасақ, кинофильм мен телефильмнің көркемдік жағынан да, сапалық тұрғысынан да айырмашылығы көп, екеуі екі түрлі туынды. Телевизиялық форматқа лайықталған кез келген кино тек сол шеңберге сыяды. Сол деңгейде түсіріледі. Ал бұл сападағы фильмдерді көркем туындыға жата ма?

– Әрине, көркем туынды. Естуімше, тарихи сериалдарға қаржы өте аз бөлінеді. Ал бұрнағы заманды тірілтуге керекті образдарды жасауға қажет дүниелерді жаңғыртуға бұл ақша жетпейді. Сондықтан тарихи фильмнің бар қажетін өтейтін қаржы болмаса, бұл тақырыпқа бармаған дұрыс. Кейінгі уақытта тарихи телесериалдардың неге оқтын-оқтын түсіріліп жатқанын өзім де түсінбей жүрмін. Тарихи фильм, ең алдымен, тарихи образ жасау, ол – біздің жауһарларымыз, кесек-кесек тұлғалар, қайраткерлер. Олар әркім

тақымына салып, яки қолына ұстап кете беретін жеңіл дүние емес. Сіз айтқан тарихи сериалдардың бәрі (байопик) биографиялық фильмдер. Оған ең бірінші қойылатын талап – портреттік ұқсастық. Бір жылдары Англияда чаплиниада деген өнерден жарыс өткен. Яғни Чарли Чаплиннің жүріс-тұрысын, мимикаларын салу. Сол байқауға Чаплиннің өзі қатысып, төртінші орын алыпты-мыс. Сонда талантты біреу тұлғаның өзінен асырып орындаған болып тұр ғой. Ал біздің сериалдарда керісінше – тұлғаның кескін-келбеті болсын, мінезі, әдеті, әрекеті болсын, асып кеткені қайда, жақындамайды. Бұл өте қауіпті. Біріншіден, жас ұрпақтың санасынан тұлғаның шын бейнесін өшіріп жібереді. Қазір жастардың көбі кітап оқымайды, визуалды өнер алға шыққаннан кейін тұлғаларымыз туралы дүниелерді экраннан ала қояды. Сөйтін, қайраткердің шын бейнесі көмескіленіп, сүртіліп кетеді. Сондықтан да егер режиссердің қолынан келмесе, шығармашылық әлеуеті жетпесе, тарихи фильмге барудың қажеті жоқ. Одан бөлек қазір телевизиялық форматтағы туындыларды кино деп ұға беретін болды. Сериал мен киноның аражігін ешкім ажыратпайды, бәрі кино. Ахмет, Қаныш, Міржақып туралы кино деп, одан сол тұлғалардың бейнесін іздейді. Ал оларды шын мәнінде сомдап беруге хал-қадеріміз әзірге жетпей жатыр.

– Кино, ең алдымен өнер. Өнерге өнер тұрғысынан қарағанда, ол әрқашан биік һәм таза. Содан болар, көркем фильмге қойылар талап та жоғары, жұмсалар қуат та, еңбек те, уақыт та, қаржы да орасан. Десек те қазір эстетикалық ләззат алатын сапалы фильмдердің түсірілмей жатқанына қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Науқаншылдық, уақыт, қаражат, талғам, білім, шеберлік?

–Ең алдымен, сапалы дүние дегеніміз не? Егер көркемдігі жоғары фильмдерді айтсақ, ондай картиналар түсіріліп жатыр. Мәселен, Әділхан Ержанов, Эмир Байғазин, Фархат Шарипов жақсы фильмдер жасап жүр. Қазір сапалы кинолардан гөрі, ұлттық дүниелер түсіріліп жатыр ма деген сұрақ басым. Мен үшін сапалы фильм – ұлттық фильм. Егер біз оның көркемдік жағына ғана үңіліп, ұлттық табиғаты сырт қалатын болса, бұның соңы трагедияға әкелін соғуы әбден мүмкін. Осы орайда киноорталықтың, ондағы сарапшылық кеңестің құлағына алтын сырға, ұлттық фильмді ұлттық бағытта түсіре алатын, ұлтты түсіне алатын, әдебиеттен толық хабары бар адам ғана кино түсіруге жіберілуі керек. Немесе сондай азаматтарға басымдық берген жөн. Мәселен, былтыр жас режиссер Бекзат Смадиярдың жақсы картинасы ұсынылды. «Ақжелең». Фильмнің осы атауына бола кеңестен өткізуге болады. Бірақ белгілі бір себептерге байланысты өте алған жоқ. Соған қатты жүрегім ауырды. Жаңа айтқанымдай, қазіргі ұрпақтың ұлттың тарихын кітап арқылы емес, экранға үңіліп танитынын ескермеуге

болмайды. Сол үшін де экранымыз ұлттық қалыпқа түсуі керек. Көрсетіп жатқан рухани дүниелер ұлттық бояумен қанықпаса, дүбәралық осыдан шығады. Кейде жап-жақсы фильмдерді карап отырып таңғаламын. Айдалада бір үй тұрады, жанында жылқылар, соның жанына «Жайлау» деп жазылады. Яғни иен далада мал бағып отырса, ол жайлау екен. Міне, маскара. Айналайындар-ау, егер ол жерде қыстап шығатын шатырлы үй тұрса, жайлау емес, ол – қыстау. Ал әлгіні көрген жастар шатасып, дүбәралана түспей ме. Өз қолымыздан өскелең ұрпақтың санасына ұлттық түсінікті теріс енгізіп отырмыз. Дәл сол фильмде «Жылқыларды өріске қосып келейін» дейді бір кейіпкер. Ойбай-ай, «өріске қоспайды, айдайды» деп айқай салғың келеді. Егер сиыр болса, табынға қосуға болады. Қайсыбірін айтасың, қаптаған қате. Өткенде кинотеатрдан жас режиссер Айсұлтан Сейітовтің «Қаш» деген фильмін көрдім. Онда да киноның тілі – ХХ ғасырдың басындағы қазақтың құнарлы тілі емес, қазіргі өзіміздің сұйық тіл. Қазақтың ашаршылық атты қасіретті де қасиетті тақырыбы хоррордың қолтығында кеткен... Мен үшін сапалы көркем фильмнің бар-жоғы уайым емес, ұлттық дүниелердің бар-жоғы уайым. Ұлт жойылса, біз кім үшін жұмыс істейміз...

– Киноның басты мақсаты не – адамдарға мораль оқу ма, жақсылыққа үйрету ме, әлде жай ғана өмірдің өзін көрсету ме?

– Киноның жалғыз мақсаты – ізгілікке қызмет ету.

– Авторлық кино тек бір адамның көзқарасына, ұстанымына құрыла ма? Жалпы, қазіргі қоғам осы жанрдың табиғатын түсінді ме?

– Негізі, авторлық фильмдердің бағасын көбінесе мамандар береді. Өнер – авангардтық дүние. Ол әрқашан халықтың алдында жүреді. Қазір кинотеатрларда ұсынылып жатқан комедиялық туындылар көрерменнің соңында жүр. Яғни халыққа не ұнайды, соны дайындап беретін фильмдер. Ал авторлық фильмдер көрерменнің алдында жүреді. Оларды көріп отырып, ізгілікке, көркемдікке, адам жанын зерделеуге ұмтылады. Яғни өседі. Авторлық фильмнің идеясына жетуге тырысады. Сол себепті авторлық фильмдердің бәрін жаппай түсіну мүмкін емес. Ол, тіпті, жеткізбейді, адамзат дамыған сайын ілгері кетеді. Бірақ авторлық фильмдердің көп көрілмеуіне комедиялық туындылардың соңынан кеткен көрерменнің талғамы да себеп. Сондықтан авторлық фильмдерге қоғамның бет бұруы онша көрінбей тұр. Бірақ мына «Талак» – авторлық фильм, десек те халықты еліте алады деп үміттенемін.

– Өзіңізге тәуір көрінген, бірақ тасада қалған, бағасын алмаған фильміңіз бар ма?

– Соңғы рет мемлекеттің қаржысына 2011 жылы «Кішкентай» деген фильм түсірдім. Одан кейін маған фильм берілген жоқ. Бірақ киносыз бәрібір өмір

сүре алмайсың. Өзім қаражат тауып, 2015 жылы «Сағынтайдың бірінші әйелі» деген әлеуметтік фильм түсірдім. Сапасы өте төмен, жалғыз өзім фотоаппаратқа түсірген дүние ғой. Ал 2018 жылы «Біздің үй» деген кино түсірдім. Ол елдегі саяси ахуалдың шиеленіскен тұсы болатын. Бұл да әлеуметтік фильм, бірақ бағыты – карикатуралық сарын. Бұған дейін тек реалистік бағыттағы фильмдер жасасам, мұнда карикатуралық әдістерге бардым. Осы «Біздің үйге» жаным қатты ашиды. Өйткені қаншама уақыттағы ішімде жиналған тірескен ойлар шамырқанып, ішкі жан дүниемдегі бұлқыныс, ашу, басқа да көркемдік мүмкіндіктерім лықсып келіп ақтарылған фильм секілді көрінеді. Бірақ бұның да сапасы нашар, бес-ақ жүз мың теңгеге түсірдім. Бұл туралы ешкім естіген жоқ, ұмыт қалды. Әлі де болса осы кино халыққа жетсе екен деп ойлаймын. Фильмде карикатуралық элементтермен қоса саяси тақырып қозғалғандықтан, дәл сол кезеңде әлеуметтік желіге жүктемедім, қоғам дайын емес еді. Бірақ бұны қайта түсіруім қажет деп, қазір тұншықтырып ұстап отырмын. Ондағы сюжет, шиеленіс, көркемдік идеялар, көркемдік әдістерім өзіме қымбат, көміліп қалмауы керек. Бір қызық айтайын, «Біздің үй» Италияда екінші деңгейдегі бір фестивальға қатысты. Сонда қазылар мына фильмнің дыбысы неге нашар, ұйымдастырушылар дыбысын дұрыс қоймаған ба деп ойлапты. Ал пультте отырғандар материал осылай келген дейді. Ақша жетпесе де киноға деген құмарлықтың шыдатпауынан кейде осындай аз қаржыға шығармалар түсіріп, бір жеңілдеп қалатын кездерім болған.

– Әңгімеңізге рахмет. «Талақты» асыға күтеміз.

Әңгімелескен
Маржан ӘБІШ,